

2024 жылғы қаңтар-шілдедегі ТМК

2024 жылғы қаңтар-шілдеде Қазақстан Республикасының тау-кен металлургия саласындағы (ТМК) өндіріс көлемі 7,640 трлн. теңгені құрады, бұл құндық мәнде 2023 жылғы ұқсас кезеңнен 11,3%-ға жоғары. Металлургия өнеркәсібі құрылымында негізгі үлес түсті металлургияға тиесілі – 3 557,6 млрд. теңге, қара металлургиядағы өндіріс 1 595,8 млрд. теңгені құрады. Металл кендерін өндіруде негізгі үлесті түсті кендерді өндіру алады – 2 106,5 млрд. теңге, қалғаны темір кендерін өндіруге тиесілі – 361,1 млрд. теңге.

«Металл кендерін өндіру» НКИ 2024 жылғы қаңтар-шілдеде 105,8% құрады. Бұл ретте «темір кендерін өндіру» НКИ 111,0% құрады. Өндірістің ұлғаюы темір кенінің (120,4%); хром кенінің (122,3%) өсуімен байланысты болып отыр.

«Түсті металл кендерін өндіру» НКИ 104,5% құрады. Өндірістің ұлғаюы түсті металдардың негізгі кендерін өндірудің өсуімен байланысты: алюминий (боксит) (111,6%); мыс-мырыш (110,0%); қорғасын-мырыш (113,7%); мыс (106,8%), құрамында алтын бар металдар (102,9%).

«Металлургия» НКИ 2024 жылғы қаңтар-шілдеде 109,2% құрады.

Түсті металлургиядағы НКИ 106,0% құрады, бұл ретте НКИ ұлғаюы тазартылған мыс (117,1%), өңделмеген алюминий, алюминий оксиді (112,2%), өңделмеген тазартылған қорғасын (120,8%), тазартылған алтын өндірісінде (103,9%) құрады.

Қара металлургияның НКИ қайта құйылған шойын (114,9%); ферроқорытпалар (117,5%); тазартылмаған болат (119,6%); қоспасыз болаттан жасалған өзектер мен шыбықтар (109,7%); қоспасыз болаттан жасалған профильдер (115,8%) мен бұрыштар (107,7%); тегіс илек (129,8%), қоспасыз (көміртекті) болаттан жасалған қырлы табақтар (128,4%) өндірісінің ұлғаюы есебінен 114,3% құрады.

2024 жылғы қаңтар-маусымда металлургия өнімінің экспорты 2023 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда 16,2%-ға ұлғайып, 7 7,5 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 2 2,1 млрд. АҚШ доллары, түсті металлургия – 5,4 млрд. АҚШ доллары. Өткен жылдың көрсеткішіне қатысты қара металлургия экспортының көлемі 4,2%-ға, түсті металлургия экспорты 27,0%-ға ұлғайды.

Металлургиялық өнім экспортының құндық құрылымында құны бойынша негізгі көлем мыс (26,7%), ферроқорытпалар (15,2%), жалпақ илек (9,7%), мырыш (4,2%), күміс (3,8%), алюминий (3,4%) өнімдеріне тиесілі. Металлургия өнеркәсібі экспортының ұлғаюы мыс, алюминий, қорғасын және сазбалшық экспортының құндық көлемінің өсуі есебінен қамтамасыз етілді.

2024 жылғы қаңтар-маусымда ҚР металлургия өнімдерін өткізудің негізгі нарықтары Қытай (37,0%), Ресей (24,9%), Түркия (8,7%) және АҚШ (3,7%) болды.

2024 жылғы қаңтар-маусымда металлургия өнімдері импортының көлемі 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 5,7%-ға төмендеп, 1,8 млрд.

АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 1,4 млрд. АҚШ доллары, түсті металлургия - 0 0,4 млрд. АҚШ доллары. Металлургия өнеркәсібі импортының төмендеуі дәнекерленген және жіксіз құбырлар импортының, рельстің құндық көлемінің төмендеуіне байланысты болды.

2024 жылғы қаңтар-маусымда металлургия өнімдері импортының құндық құрылымында: шыбықтар (14,8%), тегіс илек (13,3%), жіксіз құбырлар (13,1%), мыс анодтары (9,8%), дәнекерленген құбырлар (8,6%) басым.

2024 жылғы қаңтар-маусымда Қазақстан Республикасында металлургия өнімдерінің негізгі жеткізушілері Ресей (74,3%), Қытай (11,0%) және Италия (2,8%) болды.

2024 жылғы қаңтар-маусымда Қазақстан Республикасындағы металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 4,1 млрд. құрады, бұл ретте ОТӨ үлесіне 56,3%, импорттық өнімнің үлесіне 43,7% келеді.

Сала үш өңірде: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында жоғары аумақтық шоғырлануымен ерекшеленеді. ҚР металлургия өндірісінің құрылымында 2024 жылғы қаңтар-шілдеде Қарағанды облысының үлесі шамамен 21,8%, ШҚО – 17,2%, Павлодар облысының үлесі – 13,6% құрады.

ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ


Январь-июль 2024 г.

7 640
МЛРД ТГ.



ДОБЫЧА МЕТАЛ. РУД – 105,8%
МЕТАЛЛУРГИЯ – 109,2%


- Добыча металлических руд
- Metallургическая промышленность



ЭКСПОРТ



РЫНОК



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-июнь 2024 г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-ИЮЛЬ 2024 Г., МЛРД ТЕНГЕ

